



**Мақатаев Н.Т.**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ  
ӨЗБЕК ДИАСПОРАСЫ:  
КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН**

*В данной статье рассматриваются  
некоторые проблемы социального  
положения узбеков в  
городе Туркестан.*

*This article deals with some problems  
of the social position of Uzbeks in Turkestan  
town.*

Өзбектердің жалпы саны 20 млн. адамнан артық. Соның ішінде 18 млн-дайы Өзбекстан Республикасында тұрады. Ауғанстан мен Тәжікстанның әрқайсысында 1 миллионнан артық өзбек бар. Содан кейінгі көп тараған елдері Қырғызстан, Қазақстан және Түркіменстан. Қазақстанда тұратын өзбектер саны 400 мың адамға жуық. Облыстар арасында ең көп тараған жері Оңтүстік Қазақстан облысы. Ондағы өзбектердің саны 350 мың, яғни бүкіл Қазақстандағы санының 90 пайызы сонда.

Өзбектер – Орталық Азиядағы көне халықтардың бірі, сондықтан тарихы да алуан қырлы. Қазіргі Өзбекстан аумағында алғаш құрылған мемлекеттер біздің жыл санауымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтан бері белгілі. Олар тарихта Бактрия, Хорезм, Соғда құл иеленуші мемлекеттері деген атаулармен белгілі. Жыл санауымыздан бұрынғы VI ғасырдың екінші жартысында бұл мемлекеттерді парсылардың Ахеменид державасы жаулап алады. Сөйтіп парсы тілі мен мәдениеті етек алады. Содан кейінгі ұзақ жылдар бойы қазіргі өзбек жеріндегі халықтар Ескендір Зұлқарнайын, одан кейін грек жаулап алушылары (Диодот) қоластында болды. Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда жергілікті халықтар арасындағы қошан тайпасының көсемі Кафиз жатжұрттықтарға қарсы күш біріктіріп, Қошан патшалығын құрады. Бұл мемлекет біздің дәуіріміздің III ғасырында тарап, көшпелі эфталит атты күшті тайпаға бағынуға мәжбүр болады.

Ел аумағында VI-VII ғасырларда дехкан сословиесі пайда болып, феодалдық қатынастар дамиды. Ал эфталиттердің қарамағына түскен Қошан патшалығы ыдырап, Соғда, Бұхара, Хорезм, Ферғана, Елек және Шаш (Ташкент) атты шағын иеліктерге бөлініп кетеді. VI ғасырдың екінші жартысынан бастап қазіргі өзбек жеріндегі халықтар Түркі қағанатына бағынады. Осы кезден бастап негізінен парсы тілдері тобына жататын олардың тілдерінің ұзақ уақыт бойғы түркіге ауысу үдерісі жүреді және ол қазіргі өзбек халқы тілінің негізі болды. Ал VII ғасырдың екінші жартысындағы араб шапқыншылығы бұл аймаққа ислам дінін әкелді. Сөйтіп, әртүрлі діндерде болған тайпалардың рухани бірігуі басталып, ол XI-XII ғасырларда түркілердің Қараханидтер әулетінің басып алған кезімен аяқталады. XIII ғасырдағы Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін Орталық Азия ханның Шағатай есімді ұлының иелігіне беріледі. Бірақ ұлыстың әлсіреуінен ірі қалалар өз алдына мемлекет болып кетеді. Соның бірі Самарқан XIV ғасырдың екінші жартысынан



Шыңғыс хан тұқымдарына бағынбай, үлкен империя құрады. Империяның басында Әмір Темір (1370-1405) болды. Ол өлгеннен кейін мұрагерлерінің арасында тақ таласы басталды. Бірақ бәрін Темірдің ұлы Шахрух жеңеді. Ол қазіргі Өзбекстан аумағын үлкен ұлы Ұлықбектің еншілігіне береді. Ұлықбектің (1409-1449) тұсында ғылым қатты өркендеп, Самарқанда тамаша обсерватория салынғаны белгілі.

XVI ғасырда Дешті Қыпшақ даласынан барған Мұхаммед-Шәйбани бастаған көшпелі өзбек тайпалары Орталық Азиядағы қазіргі Өзбекстан жерін жаулап алады. Сөйтіп, ондағы түркі тілдес халықтармен араласа келе оларға өзінің атауын берген. Қазіргі өзбек тілі үлкен үш тілдік орта - қыпшақ, оғыз және қарлұқ-ұйғырдың араласуынан шыққан ерекше ауыр тілдік құрылым. Онда ташкенттік, самарқан-бұхаралық, ферғаналық, оңтүстік-хорезмдік және басқа да тілдік диалектілер бар. Ал әдеби тілдік норма ретінде Ташкент пен Ферғананың говоры бекітілген.

Дешті Қыпшақтың орнында қалған тайпалар қазақ ұлысын құрды. Сөйтіп, қазақ пен өзбектің шыққан тегі бір болып шығады.

Шәйбани әулетінің тұтас Өзбекстан аумағында құрған хандығы XVI ғасырдың аяғында әлсірей бастайды. Соңғы хан Абдулланың тұсында ғана берік хандық болып, ыдырау кейін Бұхара, Хиуа және Бұхарадан бөлінген Қокан хандығының құрылуына әкелді. 1740 жылы бұлардың жеріне парсының шахы Нәдір басып кіреді. Сөйтіп, ол өзі басып алған жерлерінде жаңа тәртіп орнатады. Мәселен, Бұхараның басшысы бұдан былай хан болмай, әмір деп аталады. Артынан, XVIII ғасырдың аяғында Хиуадағы билікті қоңырат тайпасының басшысы Мұхаммед-Әмин тартып алады.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарында орыс патшалығының Орталық Азияны отарлауы басталды. 1865 жылы олар Ташкентті, 1868 жылы Самарқанды басып алды. Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығы да өзінің үстінен орыс үкіметінің қарайтынын мойындады. Сөйтіп, Орталық Азияда Ресейдің үстемдігі орнады.

Қазан төңкерісінен кейін, ел аумағында “Қокан автономиясы”, “Түркістан автономиялы КСР-і”, бұрынғы Хиуа хандығының орнында “Хорезм халықтық республикасы” және “Бұхара халықтық кеңестік республикасы” атты бірнеше мемлекеттік құрылымдар болды. 1924 жылы мұның бәрі біріктіріліп, Өзбек КСР-ін құрады. 1991 жылы Өзбекстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. [1.276]

Өзбектердің діні – мұсылман сүннит. Жазуы 1927 жылға дейін араб әліпбиінің негізінде болса, содан кейін аз уақыт латын әліпбиіне көшірілген. 1939 жылдан бастап ол кириллицаға өткен, бірақ тәуелсіздік алған соң өзбектер қайтадан латын әліпбиіне көшті.

Қазақстандық өзбектер 1992 жылдан өздерінің ұлттық мәдени орталығын тіркеткен. Қазір еліміздегі бір белді диаспора ретінде олар өздерінің мәдениетін дамытуда. Өзбек тілінде оқытатын мектептер бар және газет-журналдар шығып тұрады. Радио мен телевизиядан да арнаулы күндері хабарлар мен ән-күйлер беріледі. Өзбектің өнері әсем, әрі қазаққа жақын.

Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында 2010 жылдың есебімен алғанда 425110 өзбек тұрады. Басқа этнос өкілдерімен салыстырғанда, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өзбектер екінші орында тұр. [2.81]

Отырар ауданының әкімі Бейбіт Сыздықов осы қызметке дейін Түркістан қаласында әкім болған еді. Отырарда өткізген бір жиынына қатыстық. “Түркістандағы өзіміздің өзбек ағайындарымыздың кедейі жоқ, – деді Бейбіт Шалдарұлы. – Өте еңбекқор халық. Тіпті өз үйіне жаққан отынының жылуын есік алдындағы шағын жылыжайы арқылы жіберіп, пайдаға шығады. Қияр егеді, қызанақ егеді. Өздеріңіз бай-қадыңыздар ғой, Түркістанда көкөніс, азық-түлік арзан. Сонау Ақтөбеден мына Жезқазғанға дейін жүк мәшинелерін тіреп қойып, алғашқы қар түскенге дейін қауын-қарбыз тасиды. Түркістанға бау-бақша өнімдері басқа жақтан әкелініп жатқан жоқ. Сондағы ағайындардың табан ақы, маңдай терінің өтеуі.

Өзбек ағайындарымыздың қара шаруаға мықты екендігі белгілі. Есігінің алдындағы алақандай жерінен бір маусымда екі-үш қайтара өнім алып, дастарқаны жайнап отырады. Бар болса тасынбайды, жоқ болса аяққа бас ұрып жалынбайды. Маңдай терінен көреді. Оңтүстіктің адамдарының жүрегі өзінің табиғатындай жұмсақ. Мынау өзге ұлт өкілі деп сыртқа тебе бермейді. Қазақстаннан қоныс тапқандар жүрек жылуын білдірсе, қазақтар екі есе ыстық ықыласпен жауап береді. Оны өзге ұлт өкілдері түсінеді. Кешегі империяның ықпалымен әлі де шовинистік пиғылда, уақытша қонақта жүргендей сезінетін бірен-сарандар болмаса, осындағы өзбек, түрік, парсы, корей ағайындардың алды



мақал-мәтелдетіп сөй-легенде қазақтардың өзін жаңылдырып жібереді. Кеңқолтық қазақтың мейірінін тасуына, қолындағы нанының жартысын бөліп беруіне осының өзі жетіп жатыр.

Облыстық өзбек орталығының төрағасы Икрам Хақимжановпен жиі ұшырасып тұрамыз. Ішінде қыртысы жоқ жарқылдаған азамат. “Тату елге тыныштық пен татулық нәсіп”, деп Күлтегін бабамыз айтқандай, біздің берекеміз – бірлікте. Қазақ, өзбек деп бөлетін ештеңе жоқ, бұлай ету – арамызды айырғысы келетіндердің, екі туысқан халықтың жарасымды татулығын, ел ішіндегі тыныштықты қаламайтындардың әрекеті. Қазақ Ораз Жандосов Ташкентте билік жүргізіп, Мұстафа Шоқай Қоқан республикасын құрғанда, сонда тұратын ағайындар бұлар сырттан келді деген жоқ, түркі халықтарының басын бір мақсатқа жұмылдыратын, бодандықтың бұғауынан құтқаратын адал перзенттеріміз деп білді. Біз сол ағалар үлгісінен өнеге алуымыз керек. Қазақтар өзбектерді қатты бағалайды, ал біздерге қазақтардың досқа пейілі, меймандостығы, ешкімді жат көрмейтін кең жүрегі ұнайды”, дейді Икрам.

Облыс қалалары мен аудандарында орталықтың 11 филиалы жұмыс істейді. Облыстық өзбек мәдени орталығы аталған орталықтардың қызметін үйлестіреді, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Облыс көлемінде жыл сайын “Тіл, дәстүр және мәдениет күндері” мерекесін, “Офарин”, “Лапар” конкурстарын, “Аския” күлкі фестивалін өткізу дәстүрге ұласты. Облыс тұрғындары “Үміт”, “Нұр”, “Парваз”, “Гунча”, “Сайрам”, “Нулифар”, “Кунгил”, “Юлдузча”, “Садаф” сынды ансамбльдерді жақсы біледі. Облыстық өзбек театры жұмыс істейді. Орталықтың жастар қанаты белсенді жұмыстарымен белгілі. Мәдени орталықтың негізгі міндеттерінің бірі дарынды жастарға қолдау көрсетіп, оларды мәдени іс-шараларға, ұлттық мерекелерге, халықтық өнерге тарту болып табылады. Облыста таза өзбек тілінде оқытатын 64, аралас 75 мектеп жұмыс жасайды. Биылғы 2009-2010 оқу жылында 5 536 бітірушінің 345-сі ҰБТ-ға қатысты. 89 оқушы “Алтын белгіден” үміткер.

Облыс орталығында өзбек тілінде 10 басылым шығады. Бұдан басқа облыстық “Қазақстан-Шымкент”, “Отырар”, аудандық “Сайрам ақшамы” телеарналарында өзбек тілінде хабар-жаңалықтар беріледі.

Республикамызға белгілі азамат, жазушы Эрнзор Розметов ақсақал өзбек мәдени орталығының қалыптасуына, екі халықтың арасында дәнекер болуға барынша атсалысқан еді. Сол дәстүр, сол достыққа сына қағылған кезі жоқ. Бүгінде өзбек мәдени орталығы мемлекеттік шаралардың басы-қасында жүреді.

Түркістандағы Өзбек Мәдени Қоғамдық Бірлестігі 1992 жылы Қазақстанның Әділет министрлігінің тіркеуінен өтті. Бірақ, 1990 жылдан бері қарай жұмыс істеп келеді. Алғашқыда бейресми орталық ретінде ашылған болатын. Түкістанда 34-тен астам ұлттар бар.(1-кесте) Орталық Қазақстан үкіметімен, тікелей де қарым-қатынас жасап отыр. Қазақстандағы өзбектер тығыз тұратын аудандардың бәрінде де аудандық өзбек орталықтары бар. Түркістандағы өзбек ұлттық мәдени орталығының атқаратын негізгі жұмысының бірі – Түркістандағы тұратын өзбектердің өзбектігін сақтап қалу. Өзбек ұлттық мәдени орталығы – Қазақстанда тұратын жарты миллиондай өзбектердің ресми мойындалған жалғыз қоғамдық ұйымы. Айтыс, тапқырлар мен әзілкештер жарысын өткізіп тұрамыз, бұлар – бір күндік шаралар ғана. Өзбек ұлттық орталығының басты міндеті – өзбектердің, әсіресе, жастардың мүддесіне жүйелі түрде қызмет ету.

Өзбек орталығы бірте-бірте аяғынан тік тұрып келе жатыр. Ұлт мүддесі, қазақтың қазақ болып қалуы үшін атқарылар жұмыс көп. Алдымыздағы міндеттер өте үлкен. Әрине, біз – қоғамдық ұйымбыз, мемлекеттің немесе атқару билігінің қызметін атқара алмайтынымыз түсінікті жайт.

Өзбек ұлттық мәдени орталығының тағы бір міндеті – екі ұлттың арасындағы, екі мемлекеттің арасындағы достықтың көпіріне айналу. Досынды сынап берсең, алшақтатып аласың, кемшілігін көре берсең, көңілін суытып аласың. Сондықтан бірінші кезекте біз екі ұлттың ұқсастығын іздейміз. Қазақ пен өзбек халқының тілі бір, діні бір. Төскейде малы, төсекте басы қосылған ел. Сондықтан, ең алдымен, қазақ пен өзбекті жақындастыратын, сыйластыққа, ынтымақтастыққа, достыққа шақыратын нәрсені іздеу қажет деп білемін.

Қаржы мәселесі орталықтың алдында тұрған ең қиын әрі басты мәселеге айналып отыр. Нарықтық экономика жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Өзбектерде мынадай нақыл сөз бар: «Мысық тегін күншуаққа шықпайды». Қандай шара өткізсең де, оған қаржы керек. Біз жарғылық төлем жинамаймыз. Түркістандағы өзбек мәдени орталығы еш жерден қаржыланбайды-дейді, Түркістан өзбек мәдени қоғамдық бірлестігінің төраға орынбасары Мадалиев Шамырза.



Өзбек мәдени орталығы төрағасының орынбасары Ишпулат Қырғызбаев білім саласын көтеруде үлкен жұмыстарға бастамашы бола білді. Өзбекстан Республикасындағы жоғары оқу орындарынан Қазақстандағы өзбек түлектері үшін бірталай квота бөлгізді. Өзбекстандағы қазақ жастарының Қазақстанда білім алуына септесті. Ишпулаттың ісін Абдухамков Абдували мен Бегмат Тұрдықұлов жалғастырып келеді. Өзбек мәдени ұлттық орталығы мен облыстық білім басқармасының ұйытқы болуымен өзбек тілі мен әдебиетінен облыстық ауқымда өткен олимпиада қазір республикалық мәртебе алған. Орталық мемлекеттік тілді өзбек жастарының терең білуіне ұйытқы болып келеді. Мемлекеттік тілде ғылыми-практикалық конференциялар мен конкурстар жиі өтеді. Бұған Парламент депутаттары Саты-балды Ибрагимов пен Розақұл Халмұрадов және облыс, аудан мәслихаттарының депутаттары қатысқанын сан рет көрдік.

Қазақстан бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына еркін кіруі үшін сапалы кадрларды мектеп партасынан бастап дайындау керек. Сайрам ауданындағы Ю.Сареми атындағы мектеп-гимназия өмірінен осыны айқын байқауға болады. Мұнда 5-6 жылдан бері мемлекеттік тілден бөлек, өзбек, орыс және шет тілдердің бірінен сабақ беріледі. Нәтиже жаман емес. 2007 жылы осы мектептің түлектері 40 грантқа ие болса, бір жылдан соң мектеп-гимназияны тәмамдаған 92 түлектің 72-сі Қазақстанның жоғары оқу орында-рының грантын жеңіп алды. Ал мәдени орталықтың тағы бір белді мүшесі Мамажанов Шүкірилло қажы діни бағытта шығатын “Сайрам сабоси” газетінің құрылтайшысы болып отыр. Қажының ұйымдастыруымен жастарды Отан сүйеге, патриотизмге тәрбиелеу мақсатында дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады.

Халық үшін пайдалы іске Исмаилова Тұрсыной, Қырғызбаев Гайрот, Нарова Гүлнар, Махамаджанова Рахбара, Мұхиддинов Хайтмұрад, Атажанов Акмал, Тешебаева Хамида, Алимжанова Феруза секілді көпті көрген жандар араласып, белсенді жұмыс жасайды. Олар халық арасында өзбек халқының салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жайында пікір алысып, жұрттың рухани жағынан мешеу болмауына септесіп келеді. Тілі, ділі сақталмаған халық – келешегі жоқ халық.

Туған жерге құрмет етуге болады, міндет етуге болмайды. Көптеген игі шаралардың ішінде өз ісімен үлгі болып жүрген жайсаң ағалар бар. Солардың бірі Қазақстан Инженерлер академиясының академигі, профессор, химия ғылымдарының докторы, Нью-Йорк академиясының академигі, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көптеген мемлекеттік наградалардың иесі Ирисмбетов Махмуджан мен техника ғылымдарының докторы, профессор Абдувалев Туленбай сияқты ағалар. Жастар артында өлмейтіндей із қалдырған осындай жандардың үлгісімен өсіп келеді.

Халықтың тілі мен мәдениетінің дамуына үлес қосып келе жатқан жазушылар мен ақындардың үлкен бір шоғыры бар. Эрнарар Розметов, Бахадир Сабитов, Хавазат Кочкаров, Закиржан Моминжанов, Абдрурахим Пратов, Ибрахим Хухкиев, Икрам Хашимжанов, Мұраджан Абубакиров сияқты қаламгерлер Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшелері болғандығын ардақ тұтады. Қаламымен ел арасын бөлшектеу үшін емес, іргесін бүтіндеуге, достықтың берік болуына қызмет етіп келе жатқан шығармашылық иелері Өзбекстан Жазушылар және Журналистер одағымен тығыз-қарым қатынас жасап, ондағы ақын-жазушылардың Қазақстанда кездесулер ұйымдастыруына ұйытқы болып келеді.

– Біз өзімізді қазақ халқының бір бөлшегіндей сезінеміз, – дейді облыстық өзбек газетінің бас редакторы Мураджан Абубакиров.

– Қазақстан қиын-қыстау кезде бастарына іс түскен жүздеген ұлтқа пана болды. Өке-шешесіндей қамқорлық көрсетті. Ал біздің жөніміз бөлек. Енші алыспаған ағайындардай қазақтармен бірге өмір сүріп келеміз. Осыны Сайрамдағы өзбек драма театрының ашылу салтанатында Елбасымыз Нұр-сұлтан Әбішұлы Назарбаев та ерекше айтқан болатын. Қазақтардың бізді өзімізін, ішке тартатындығы жүрегімізді жылытады. Рас, қазақтың досқа құшағы өзінің салқар даласындай кең. Пейілі ыстық. Ағайынға төрін береді. Сандаған ғасырлар бойы бірге жасап, қуаныш пен қайғыны қатар көтеріп келе жатқан соң ба, мұндағы өзбектер өздерін осы елде уақытша жүргендей ешқашан сезінген емес. Өзбекстанға сапарлап барса ондағы ағайындары “қазақ сияқты ашықсындар, тілдерін де қазақ” деп күледі екен. Қазақ емеспіз деп бойды ала қашатын бұлар емес.

“Біз – ағайынбыз”. Осыны өзбек те айтады, қазақ та айтады. Бауырластар бір-бірінің жақсы қасиеттерінен үйреніп, бір-біріне демеу болып келеді. Досқа құшағы ашық қазақтар “өзіміздің өзбектер ғой” деп өзімізін еді. Ал өзіміз деген... өзіміз ғой, тонның ішкі бауындай жақындықты білдіреді.

“Қазақстан өз ішінде ұлтаралық татулық негізінде саяси тұрақтылықты берік орнықтырды. Сондықтан да Қазақстан дүние жүзінде ешкімге ұқсамайтын, тек қана өз еліміздің ішкі



ерекшеліктерінен туындайтын, уақыт сынынан сүрінбей өткен саяси, әлеуметтік, экономикалық және ұлттық дамудың қазақстандық моделін қалыптастырды. Бұл барша қазақстандықтардың абырой-беделін бұрын-соңды жетпеген биікке көтеріп, бізді әлемдік дамудың алдыңғы қатарына шығарды. Дәл осы тарихи кезеңде қазақ халқы тағы да өзінің үздік қасиеттерін танытып, елімізді мекендеген көп ұлт пен ұлыстың басын қосып, тәуелсіз ел бола алатынын көрсетті. Көрсетіп қана қойған жоқ, дүние жүзіне үлгі бола білді.

Бәріне де әділ бағасын беретін – уақыт. Өзі жүрген ортаның жарастығын ойлаған адам ғана жарасымды өмір сүре алады. Қазақстанның ішкі саясатында этносаралық келісім басты рөл атқарып, оның жүзеге асу тетіктері өмір талабына сай айқындалды. Қазір, міне, ел қауіпсіздігінің ішкі сипатында аталмыш салаға басымдық беріле отырып, оның саяси негіздемесі елдегі ұсақ этностардың мүддесін қазақ ұлты мен Қазақстан мемлекетінің мүддесі есебінен қамту қолға алынды. Бұл сайып келгенде, өзін ақтай-тындай саяси тетік. Қазақстан халқы Ассамблеясы атауынан “халықтары” сөзі ығысты. Өйткені Қазақстан унитарлы мемлекет және бұл елде бір ғана халық тұрады. Ұлттық идеяға әлемдік ақыл-ой мен оны қажет еткен ұлттың даналығы, бүгінгі есті ұлдарының көрегендігі мен біліктілігі, мемлекеттің саяси қуаты керек. Қуаттылығы жағынан әлемде төртінші орын алатын ядролық қару-жарақтан бас тартқан бірден-бір мемлекет Қазақстан шын мәнінде әлемге байыпты ой айтуға лайықты ел. Біз әлемдік саясатты бақылап қана отырмай, әлемдік аренада жұрт санасатындай тұғырға көтерілдік. Қазір халқының басым бөлігі мұсылман саналатын, тарихта тұңғыш рет азиялық мемлекет ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуде. Міне, біздер, қазақтың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында ғажап тарихи үрдістердің куәсі болудамыз.

**1-кесте.** 2010 жылғы 1 қыркүйек бойынша Түркістан қаласында тұратын ұлт өкілдері.

	қазақ	өзбек	орыс	Өзірбай-жан	Тәжік	татар	түрік	Кәріс	ұйғыр	парсы	шешен	қырғыз	Т.б.
Жалпы саны	110250	94920	1169	592	166	903	1072	32	123	21	9	33	710
% көр-сеткіш	52,5	45,2	0,6	0,3	0,08	0,4	0,6	0,02	0,06	0,01	0,04	0,02	0,33

#### Әдебиеттер:

1. История Казахстана: народы и культура: Учеб. пособие / Масанов Н.Э. и др. - Алматы:
2. Прогноз демографического развития Казахстана до 2015 года. А., ИРК, 1996